Батыс Қазақстан облысы
Қазталов ауданы бойынша мемлекеттік
сатып алуды ұйымдастырушыға

ШАҒЫМ

Мен, әлеуетті өнім беруші ретінде, БҚО Қазталов ауданы білім беру бөлімі ұйымдастырған келесі конкурстардың 15.04.2026 жылғы конкурс қорытындыларымен келіспеймін:

1. № 16458330-ОК1 – Бостандық ЖОББМ

Аталған конкурс бойынша қорытынды хаттамаларды талдау барысында бірдей және жүйелі бұзушылық анықталды.

Атап айтқанда:

№16458330-ОК1 конкурсы бойынша

Конкурсқа қатысушы ШҚ «ӘЛІБИ»«Азық-түлікті арнайы автокөлікпен жеткізу шарттары» критерийі бойынша 3 балл қойылған.

Алайда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №598 бұйрығымен бекітілген Үлгілік конкурстық құжаттаманың 8-қосымшасына сәйкес, аталған критерий бойынша балл тек келесі құжаттар ұсынылған жағдайда ғана беріледі:

– автокөліктің техникалық паспорты;

– техникалық сипаттамалары;

– көліктің арнайы (мамандандырылған) екендігін растайтын құжат;

– ҚР ДСМ-5 бұйрығына сәйкес санитариялық талаптарға сәйкестігі;

– эпидемиологиялық маңызы аз объектінің қызметін бастау туралы хабарлама.

Конкурс материалдарында барлық қатысушылар бойынша жоғарыда көрсетілген талаптардың толық орындалғаны расталмаған. Соған қарамастан, барлық қатысушыларға бірдей 3 балл қойылған, бұл бағалау критерийлерін нақты қолданбау, құжаттарды формалды түрде қарау және негізсіз теңестіру арқылы бәсекелестікті шектеу болып табылады.

Сонымен қатар, конкурсқа қатысушы ШҚ «ӘЛІБИ» ұсынған жұмыс тәжірибесіне қатысты құжаттарды талдау барысында жалған мәліметтер мен сәйкессіздіктер анықталды.

Атап айтқанда:

2019 жыл бойынша ұсынылған құжаттарға сәйкес жұмыс тәжірибесі 3 ай ретінде расталған.

2020 жыл бойынша №4 шарт 08.01.2020 ж., мерзімі 31.03.2020 ж. дейін, алайда актілер ретінде қаңтар, ақпан, наурыз айларымен қатар қазан, қараша, желтоқсан айлары көрсетілген, бұл шарт мерзіміне сәйкес келмейді және жалған мәлімет болып табылады.

№2 шарт 01.04.2020 ж. бойынша актілер мүлдем ұсынылмаған.

2021 жыл бойынша №18 шарт 15.01.2021 ж., мерзімі 31.12.2021 ж. дейін, актілер тек 9 айға (қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан) ұсынылған.

№67 шарт 19.04.2021 ж. бойынша актілер ұсынылмаған.

2022 жыл бойынша №7 шарт 05.01.2022 ж. – 3 ай акт, №142 шарт 05.04.2022 ж. – 7 ай акт,

жалпы – 10 ай.

2023 жыл бойынша: 8 ай акт.

2024 жыл бойынша: 11 ай акт.

2025 жыл бойынша: 9 ай акт.

Осылайша, нақты расталған жұмыс тәжірибесі барлығы 50 айды, яғни 4 жыл 2 айды ғана құрайды, бұл көрсеткішке сәйкес 4 балл ғана берілуі тиіс.

50/12=4жыл 2ай

Сонымен қатар, 2020 жыл бойынша шарт мерзіміне сәйкес келмейтін (қазан, қараша, желтоқсан) актілердің ұсынылуы жалған құжаттарды ұсыну фактісін дәлелдейді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №598 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 72-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші конкурсқа дұрыс және шынайы мәліметтер ұсынуға міндетті, ал конкурсқа дәйексіз (жалған) ақпарат ұсыну – оны конкурсқа жібермеуге тікелей негіз болып табылады.

Аталған Қағидалардың талаптарына сәйкес, ұсынылған мәліметтердің шынайы еместігі анықталған жағдайда, мұндай өнім берушінің өтінімі қабылданбауға жатады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес, әлеуетті өнім беруші жалған мәлімет ұсынған жағдайда, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін тапсырыс беруші сотқа жүгінуге міндетті.

Бұл конкурс нәтижелері объективті бағалауға емес, формалды тәсілге негізделгенін көрсетеді және мемлекеттік сатып алу қағидаларының ашықтық, әділдік және адал бәсекелестік қағидаттарына қайшы келеді.

ОСЫҒА БАЙЛАНЫСТЫ СІЗДЕН СҰРАЙМЫН:

1. №16462022--ОК1, конкурсы бойынша бағалау нәтижелерін қайта қарауды;
2. «Азық-түлікті арнайы автокөлікпен жеткізу» критерийі бойынша ұсынылған құжаттарды нақты тексеруді;
3. Талаптарға сәйкес келмейтін қатысушыларға берілген 3 баллды алып тастауды;
4. ШҚ «ӘЛІБИ»-ді жалған құжат ұсынуына байланысты конкурсқа қатысудан шеттетуді;
5. ШҚ «ӘЛІБИ» автокөлік құралдарына берілген 3 баллды алып тастауды;
6. Конкурс қорытындыларын қайта есептеуді;
7. Конкурс комиссиясының әрекеттеріне құқықтық баға беруді.

Жауап қанағаттандырмаған жағдайда уәкілетті органға және сот тәртібімен шағымдану құқығымды пайдаланамын.

Қосымша: дәлелдемелік материалдар.

Күні: _____
Қолы: _____

ЖК Ханым: Джаканова Н.К.